



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚША-КРЕДИТ САЯСАТЫ КОМИТЕТІ

2026 жылғы 24 шілдеде жарияланған базалық мөлшерлеме бойынша шешімді талқылау қорытындысы

2026 жылғы 23 шілдеде базалық мөлшерлеме бойынша болжамаралық шешім шеңберіндегі отырыста Комитет мүшелерінің талқылауы өтті.

Комитет мүшелерінің қарауына Ақша-кредит саясаты департаментінің қазіргі сыртқы және ішкі экономикалық жағдайлар туралы ақпараты ұсынылды.

Қазіргі жағдай

Комитет мүшелері талқылау барысында жылдық инфляцияның 2026 жылғы маусымда 10,3%-ға дейін баяулағанын атап өтті. Бұған жүргізіліп жатқан ақша-кредит саясаты, теңге бағамының нығаюы, тұтынушылық белсенділіктің тұрақтануы, сондай-ақ Үкімет пен Ұлттық Банктің инфляцияға қарсы шаралар кешенін іске асыруы ықпал етті.

Айлық инфляция маусымда 0,8% (мамырда – 0,7%), базалық инфляция медианасы – 0,9% (мамырда – 0,7%) болды. Бұл дезинфляциялық импульстің біршама әлсірегенін көрсетеді. Бұл ретте инфляцияның траекториясын толық бағалау үшін кейінгі кезеңдердің статистикалық деректері қажет. Халықтың бір жылдық инфляциялық күтулері маусым айында 13,4%-ға дейін өсті.

Отырысқа қатысушылар сыртқы жағдайларды талқылау кезінде жоғары белгісіздіктің сақталып отырғанын атап өтті. Таяу Шығыстағы қақтығыстың қайта ушығуы энергия көздерінің бағасының өсуіне ықпал етті. Әлемдік азық-түлік нарықтарындағы үрдістер әркелкі қалыптасуда: өсімдік майы мен ет бағасы жоғары сұраныс пен шектеулі ұсыныстың әсерінен өсуде, ал астықтың құны егіннің қолайлы болжамына байланысты төмендеуде.

Ресейде инфляцияның қысымы жоғары деңгейде сақталып отыр және Ресей Банкі ақша-кредит саясатын одан әрі жеңілдетуге қатысты сақтық танытуда. АҚШ пен ЕО-да энергия көздерінің қымбаттауына байланысты инфляциялық тәуекелдер күшейді. ЕОБ маусым айында негізгі мөлшерлемелерді көтерді, ал АҚШ ФРЖ мөлшерлемені өзгеріссіз қалдырып, алдағы шешімдер келіп түсетін макроэкономикалық деректерге қарай және тәуекелдер тепе-теңдігін бағалауға байланысты қабылданатынын атап өтті.

Инфляциялық күтулердің жоғары және құбылмалы болуы, ЖЖМ бағасы мен ТКҚ тарифтерінің өзгеруі, тұтынушылық белсенділіктің ықтимал күшеюі (оның ішінде экономиканы қолдауға бағытталған ауқымды шаралар аясында), сондай-ақ сыртқы инфляциялық қысымның сақталуы инфляцияның алдағы динамикасы үшін негізгі тәуекелдер болып қала береді.

Базалық мөлшерлеме туралы пікірталас

Ақша-кредит саясаты комитетінің мүшелері қазіргі сыртқы және ішкі жағдайларды қарастырғаннан кейін базалық мөлшерлеме мәселесін талқылауға көшті.

Талқылау барысында екі тәсіл ұсынылды:

– бұдан кейінгі шешімдер инфляцияның орнықты төмендеуі туралы келіп түсетін деректер және тәуекелдер тепе-теңдігін бағалау негізінде қабылданатыны туралы мәлімдей отырып, мөлшерлемені сақтау;

– болашақ шешімдер туралы мәлімдей отырып, мөлшерлемені нақты инфляцияның төмендеуіне пропорционалды түрде төмендету.

Талқылау барысында Комитеттің жекелеген мүшелері алдыңғы шешімнен кейін келіп түскен статистикалық деректер күтілгеннен қолайсыз болғанын атап өтті. Айлық инфляция нысаналы көрсеткішке қол жеткізуге сәйкес келетін деңгейден асып, 0,8%-ды құрады. Дезинфляцияның бәсеңдегенінің белгілері байқалады. Бұл ретте инфляцияның орнықты компоненттері бір жылдық мәнге қайыра есептегенде қайтадан екі таңбалы деңгейге оралды.

Жоғары экономикалық белсенділіктің сақталғаны байқалады. Ішкі сұраныстың қалпына келуі жалғасуда, бөлшек саудада азық-түлікке жатпайтын тауарларды сату жылдамдап, көрсетілетін қызметтерге деген сұраныс артып келеді. Мұндай жағдайда ішкі сұраныс ауқымының кеңеюі инфляциялық қысымды күшейтіп, экономиканың ұсынысты ұлғайту мүмкіндігінен асып кету қаупін күшейтеді. Сақталып отырған қалыпты қатаң ақша-кредит жағдайлары бизнестің іскерлік белсенділігіне тежеуші әсер етпейтіні де атап өтілді.

Сыртқы секторды талқылау барысында төлем балансы жағдайының жақсарғаны атап өтілді. Мұнай бағасының жоғары деңгейде сақталуы аясында экспорттық түсімдердің өсуі және жедел деректер бойынша импорттың қысқаруы жыл соңына қарай төлем балансының шағын профицитін қалыптастыруға алғышарттар жасайды. Экспорттық валюта түсімінің сақталуы және бейрезиденттердің ішкі валюта нарығына қаражат әкелуі теңгенің айырбастау бағамының тұрақтылығын қолдайтын фактор болып отыр.

Сонымен қатар Ресейдегі жанар-жағармай нарығындағы жағдай және Таяу Шығыстағы қақтығыстың қайта өршуіне байланысты тәуекелдер де атап өтілді. Бұл сыртқы инфляциялық қысымды күшейтіп, бағаның алдағы динамикасына қатысты белгісіздікті арттыруы мүмкін.

Талқылаудың басым бөлігі инфляция факторларын бағалауға арналды. Негізгі проинфляциялық тәуекелдердің бюджеттік, тарифтік және квазифискалдық саясаттың әсерінен қалыптасатыны атап өтілді. Бюджет шығыстарын жандандыру, Ұлттық қор қаражатын игеруді жеделдету және квазимемлекеттік қаржыландыру бағдарламаларын кеңейту ішкі сұранысты күшейтіп, инфляцияның одан әрі төмендеуін шектеуі мүмкін. Бұл ретте инфляцияны төмендету жөніндегі ақша-кредит саясатының мүмкіндіктері дәйекті фискалдық шоғырландырусыз және квазифискалдық ынталандыру ауқымын бақылаусыз шектеулі болып қалатыны баса айтылды.

Комитеттің басқа мүшелері жылдық инфляцияның төмендеуі жалғасып жатқанын, ал базалық мөлшерлеме бойынша бұрын қабылданған шешімдердің әсері әлі толық іске аспағанын атап өтті. Тұрақты айырбастау бағамы, тұтынушылық кредиттеудің баяулауы және Үкімет тарапынан жүргізіліп жатқан инфляцияға қарсы шаралар қосымша дезинфляциялық факторлар болып қалуда. Олардың пікірінше, базалық мөлшерлемені пропорционалды түрде төмендету жеңілдетудің толыққанды циклінің басталуы туралы күтулерді қалыптастырмай, ақша-кредит шарттарының қатаңдық деңгейін түзетуге мүмкіндік берер еді.

Талқылау барысында мөлшерлемені төмендету туралы алдыңғы шешім теңге бағамының нығаюы, тұтынушылық кредиттеудің саябырлауы, бюджеттік бағдарламалардың ұстамды іске асырылуы, сондай-ақ реттелетін тарифтер мен ЖЖМ бағаларының ұстамды динамикасы секілді анағұрлым қолайлы макроэкономикалық жағдайларда қабылданғаны атап өтілді. Сонымен қатар қатысушылар проинфляциялық факторлардың кейбірінің жүзеге асуы күтілетініне қарамастан, тәуекелдердің қазіргі тепе-теңдігі әлі де дезинфляциялық процестің толық ауқымды бетбұрысын білдірмейтінімен келісті.

Комитет мүшелері «Бәйтерек» холдингінің инвестициялық бағдарламасын іске асыру параметрлері Үкіметпен келісілгенін және квазифискалдық ынталандырудың инфляцияға әсеріне қатысты белгісіздікті төмендеткенін атап өтті. Бұл қолдауды ірі инвестициялық жобаларға шоғырландыру, банктік өтімділікті кеңінен тарту, айналым капиталын қаржыландыруды негізінен екінші деңгейдегі банктерге беру және экономиканың өндірістік әлеуетін кеңейтетін жобаларға басымдық беру арқылы жүзеге асырылды.

Бұл ретте ішкі сұраныстың қалпына келуі, инфляцияның тұрақты компоненттерінің жылдамдауы және сыртқы ортадағы жоғары белгісіздіктің сақталуы кейінгі шешімдерді сақтықпен қабылдауды қажет етеді.

Базалық мөлшерлеме бойынша ақпаратты талқылау барысында Комитет мүшелері кейінгі шешімдер келіп түскен деректер мен жаңартылған болжамдар негізінде қабылдануы тиіс екенін атап өтті. Базалық мөлшерлемені өзгерту қажеттілігін бағалау кезінде инфляцияның нақты динамикасы мен оның тұрақты компоненттері, инфляциялық күтулер, ішкі сұраныстың жағдайы, бюджеттік және квазифискалдық саясаттың іске асырылуы, сондай-ақ сыртқы жағдайлар мен тәуекелдер тепе-теңдігінің өзгеруі ескерілетін болады.

Талқылау қорытындысы бойынша базалық мөлшерлемені +/- 1 пайыздық тармақ дәлізімен жылдық 16,75%-ға дейін 25 базистік тармаққа төмендету туралы шешім қабылданды. Қабылданған шешім жылдық инфляцияның қол жеткізілген төмендеу қарқынын ескереді және ақша-кредит жағдайларының қатаңдық дәрежесін пропорционалды түрде түзетуге мүмкіндік береді.

Инфляциялық қазіргі динамикасының тұрақтылығы туралы деректерді жинақтау, сондай-ақ реттелетін тарифтерді индексациялау параметрлерін нақтылау, сыртқы отын және тауар нарықтарындағы жағдайдың дамуын бақылау қажет. Қалыпты қатаң ақша-кредиттік жағдайларды сақтау инфляцияның одан әрі төмендеуіне және орта мерзімді перспективада 5% мақсатқа оралуына ықпал етеді.

Комитет базалық мөлшерлеме траекториясын алдын ала белгілемейді және инфляцияның нақты динамикасының болжамға сәйкестігіне байланысты үзілістерді де, шешімдердің бағытын өзгертуді де жоққа шығармайды.

Жариялау күні: 2026 жылғы 6 тамыз